ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

11 қыркүйек 2023 жыл №1112-23-00-2/2116 Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.А.Жакупов қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы «Көкшетау жылу» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Tileuberdi» Рақымберді Тілеуберді Болатұлы жеке кәсіпкер

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
1)мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы,
2)тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 109, 117, 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы «Көкшетау жылу» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының «Tileuberdi» Рақымберді Тілеуберді Болатұлы жеке кәсіпкерге мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айбының өндіру туралы талап қою – қанағаттандырылсын.

«Tileuberdi» Рақымберді Тілеуберді Болатұлы жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Документ подписан: Жакупов А. А., 11.09.2023
Дата вступления в законную силу: 19.10.2023, судья Жакупов А. А., 19.10.2023
1112-23-3-1/2472

«Tileuberdi» Рақымберді Тілеуберді Болатұлы жеке кәсіпкерден Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы «Көкшетау жылу» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 64 400 (алпыс төрт мың төрт жүз) теңге көлемінде тұрақсыздық айыппұл және 1 932 (бір мың тоғыз жүз отыз екі) теңге көлемінде сот шығындары өндірілсін.

«Tileuberdi» Рақымберді Тілеуберді Болатұлы жеке кәсіпкерден мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.А. Жакупов**

Документ подписан: Жакупов А. А., 11.09.2023

Дата вступления в законную силу: 19.10.2023, судья Жакупов А. А., 19.10.2023